



Құжаттарды өңдеу уақыты қысқарды

2




Ел мұрасын жинап, Елмұра атандым

3



Абай сәулесі

4



Наурызекті кім көрсө...

4



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

27 ақпан, БЕЙСЕНБІ 2020 ЖЫЛ

\$ 378,36

₸ 5,7

€ 408,67

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz



№30 (19906)



Көптен бері қызылордалықтардың көзге іле жүрген «Қорқыт ата» әуежайының жаңарту мәселесі топ ұшақпен шешімін тапмақ. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде оның жолаушылар терминалының облыс әкімі Қуанышбек Исмақов ел аяқтарына сәтті көздеуге айтылса.

Назерке САНИЯЗОВА.

## ЖОЛАУШЫЛАР ТЕРМИНАЛЫ ЖАҢАРАДЫ

«Қорқыт Ата» әуежайының жолаушылар терминалының салу тұрғындар назарынан түсіріп келе жатқан мәселе екенін білеміз. Жобаны мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында іске асыру жоспарланып отыр, – деді аймақ басшысы.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасынан хабарлағандай, жобаға қатысушы жекеменшік әріптес ретінде «BI Group» компаниясына еншілес «BIGlobal» серіктестігі анықталды.

Жобаның қатысушысы жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу жұмысын бастап кетті. Құрылыс-монтаждау шаралары бийл басталады, – деді басқарма басшысы Ержан Әбдіхалықов.

2014 жылы «халықаралық» мәртебесін алған әуежайда ұзындығы 2700, ені 45 метр болатын ұшу-қону жолағы, рульдік жолдар, перрон мен әуе кемелеріне арналған тұрақ орындары бар. Алайда, қолданыстағы жолаушылар терминалы халықаралық азаматтық авиация ұйымының талаптарына сай келмейді. Сондықтан сағатына 300 жолаушы қабылдай алатын 2 теселіктің пандусы бар 2 қабатын ғимарат салу көзделіп отыр. Тиісті ұйымдардың қорытындысы қолға тиген соң конкурстың екінші кезеңі өтті.

Еліміздегі алғашқы лоукостер – «FlyArystan» компаниясының Қызылордадан әуе рейсін ашуы қызылордалықтарды қуантты. Екіжақты келісімшарт негізінде 16 наурыздан бастап – Алматы-Қызылорда-Алматы, 19 наурыздан кейін Нұр-Сұлтан-Қызылорда-Нұр-Сұлтан бағыттары бойынша күнделікті ұшақ қатынай бастайды. Ал 30 мамырдан бастап ресейлік «Аэрофлот» компаниясы Мәскеу-Қызылорда - Мәскеу бағытында аптасына 4 рет әуе тасымалын орындайды.

«СБ» ақпарат.

### ПРЕЗИДЕНТ

## Ғылымға пәрмен керек

Мемлекет басшысы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовті қабылдады. Президентке білім және ғылым саласының қазіргі ахуалы жайында баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары білім берудің сапасын одан әрі арттыру, қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының деңгейін сәйкестендіру қажеттігіне баса мән берді. Сонымен қатар балаларға қосымша білім беру шараларын көбейтудің, мектептерде тәрбие жұмыстарын белсенді жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы облыс әкімдерімен бірлесіп апатты және үш ауысымдағы мектептердің проблемасын шешу, білім беру ошақтарында күрделі жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізу қажеттігін айтты.

Сондай-ақ, Президент ғылым саласын қаржыландыру және басқару жүйесін жаңғырту шараларын қабылдауды, ғылымға бөлінетін қаржы көлемін көбейтуді, ғылыми кадрларды дайындаудың тиімділігін арттыруды тапсырды.

\*\*\*

Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар мемлекеттік орган басшыларымен кенес өткізді.

Мемлекет басшысы құқық қорғау құрылымдары мен қаржы нарығын қадағалайтын және мониторингтейтін мемлекеттік органдар басшыларымен кенес өткізді.

Жиында ел азаматтарына айтарлықтай материалдық шығын келтірген қаржы-несие ұйымдарының заңсыз қызметіне тосқауыл қоюға байланысты мәселе қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда наразылық тудырған жағдайды егжей-тегжейлі тексеруді, азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу үшін шаралар қабылдауды және кінәлілерді жауапқа тартуды тапсырды. Мемлекет басшысы болашақта мұндай жағдайға жол бермеу керектігін және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, кенесте Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден ұлттық заңнамаларды бұза отырып әкелінген автокөліктерді тіркеу мәселесі де талқыланды.

Президент Үкіметке Қазақстанның заңнамаларын, мемлекеттік бюджеттің де, автокөлік иелерінің де мүдделерін ескере отырып, аталған проблеманы шешу нұсқаларын әзірлеу жөнінде тапсырма берді.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ: Қызылорда қарым-қатынасты нығайта береді



Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов 25-26 ақпанда Хорезм облысы Үргеніш қаласында «Агроөнеркәсіптік кооперация, өнеркәсіп және туризм саласындағы аймақтық бизнестің ынтымақтастығы» тақырыбындағы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы II халықаралық ынтымақтастық форумына қатысты деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Форумға екі елдің аймақтарынан делегациялар қатысып, жан-жақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, форум аясында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Мамин, Өзбекстан Республикасының Премьер-Министрі А.Арипов және өңір басшыларының қатысуымен кездесу өтті.

Форум аясында панельдік сессиялар, бизнес өкілдерінің B2B кездесулері, кеңейтілген отырыс және екі мемлекеттің тауар өндірушілерінің көрмесі ұйымдастырылды.

Кездесу барысында сауда-экономика, инвестиция, ауыл шаруашылығы, көлік, су-энергетика, тоқыма, машина жасау, туристік және экология салала-

рында, сондай-ақ, қаржы технологиялары мен аймақаралық ынтымақтастық саласындағы екіжақты келісімді әрі қарай дамыту мәселелері айтылды.

Ұлттық және аймақтық бағдарламалар шеңберінде іске асырылатын ірі жобалардың бірі – «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы. 2005 жылы САРАТС-тың бірінші фазасы шеңберінде арнайы және Кіші Аралдың арасында 13 шақырым Көкарал бөгетін салу оң нәтиже берді. Мәселен, 2006 жылдың наурыз айына қарай Кіші Аралдың деңгейі көтеріліп, теңіз деңгейінен 42 м белгіде тұрақтанды.

Кездесу барысында Қызылорда облысының әкімдігі мен

Өзбекстан республикасы Хорезм облысының хокиматы арасында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Мұндағы мақсат – екі ел арасындағы достық қатынастарды нығайту, шаруашылық қызмет субъектілері бойынша тікелей байланыстар орнату және ұзақ мерзімді экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, іскерлік, сауда қатынастарын дамыту. Мұнан бөлек облыстан арнайы барған индустриялық-инновациялық даму, кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшылары жергілікті кәсіпкерлермен, мемлекеттік орган өкілдерімен кездесіп, ортақ жобаларды жүзеге асыру мақсатында келіссөздер жүргізді.

25 ақпанда басталған форум аясында өңір өнімдерінен арнайы көрме ұйымдастырылған болатын. Бұл шараға Қызылорда облысынан 5 тауар өндіруші – «Абзал и Ко», «Аралтұз» АҚ, «Гезуба Шинелі Цемент Компаниясы» ЖШС, «Смарт Раббер» ЖШС және «РЗА» АҚ өкілдері қатысты. Көрмеде күріш, азық-түлік, цемент өнімдері, тамшы-

латып суару құбырлары мен сүт өнімдері келушілер назарына ұсынылды.

Облыс әкімі Қ.Ысқақов Қызылорда өңірімен бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі жергілікті кәсіпкерлермен кездесті. Олар Шинелі ауданында жеміс ағаштарын егіп, өсіруге ниетті. Сонымен қатар, минералды тыңайтқыштар шығаратын кәсіпорын өкілдері Сыр өңірінде ауыл шаруашылығына қажетті минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз етуге қызығушылық танытып отыр.

Аймақ басшысы бірлесіп ортақ жобаларды жүзеге асыру үшін инвесторларға тиісті қолдау көрсетілетінін айтты. «Біздің мақсатымыз – өңірге инвесторларды тарту. Бірлесіп жұмыс істеуге біз ниеттіміз. Сонымен қатар, Қызылорда облысына келіп, жана кәсіпорындар ашып, ауыл шаруашылығы саласында да жобаларды жүзеге асырамыз дейтін кәсіпкерлерге біз қолдау көрсетуге әрқашан дайынбыз», – деді облыс әкімі.

### «КӨКТЕМ - 2020»

## ШЕБЕРЛІК ЖАТТЫҒУДА ШЫҢДАЛАДЫ

Сырдарияның сол жағалауында «Көктем-2020» республикалық тактикалық оқу-жаттығуы ұйымдастырылды. Маңызды шараға облыс әкімінің орынбасары Марат Делмұханов қатысты.

Мәлідр ҚАЛЫМБЕТ.

Мұндағы барлық іс-қимыл арнайы жоспарланған сценарий бойынша жүзеге асты. 25 ақпан күні сағат 14:00-де қалаға қарасты Талсуат елді мекенінің тұрғынынан 112 бірінғай диспетчерлік қызметіне елді

мекен тұсындағы Сырдария өзені бөгетінің бұзылғаны туралы ақпарат түсті. Сырдария өзенінен сең жүру кезінде мұзды кептеліс болып, салдарынан оң жағалаудағы қорғаныс бөгетінің 5 метр бөгеті

бұзылады. Құтқарушылар зардап шегушілерді қауіпсіз орынға шығарып, апаттар медициналық орталығына және жедел жәрдем қызметіне тапсырды. Төтенше жағдай аймағында жергілікті полиция қызметінің бағыттауымен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрғындарды эвакуациялау кезінде автобустарды сүйемелдеу жұмыстары да жүргізілді. Ал, жергілікті атқарушы органдар Талсуат ауылы №178 мектеп ғимаратынан эвакуациялық жинақтау пунктін дайындауға келтіріп, зардап шеккен адамдарды түгендеді, қаладағы №212 мектеп ғимараты базасында орналасқан эвакуациялық қабылдау пунктіне жөнелтті. Онда ана мен бала, алғашқы медициналық, психологиялық көмек көрсету бөлімдері қарастырылды.

Осылайша, қауіптің беті қайтты. Тактикалық жаттығу барысында қатысушылардың кәсіби шеберлігі шындалып, құтқарушылар өз қызметіне сақдай сай екендіктерін көрсетті.

Айта кету керек, бұзылған бөгетті қалпына келтіруге барлығы 15 құрылым, 183 адам, 42 техника жұмылдырылды.



### БІЗДІҢ АУЫЛ

## ДОСТЫҚТЫҢ ТУЫН ЖЫҚПАҒАН

Үлкен жолдың бойымен келе жатқан жолаушыға алыстан жылыушырай көрінетін бұл ауылдың тұтас ел үлгі тұтатын тарихы мен тағылымы бар. Алқабында алтын дән жайқалып, қоймасына ақ күріші әр беретін III Интернационал ауылы бұл. Қасиетті Қармақты жеріндегі ауыл тұрғындары достық туын биік ұстап келеді. Бүгінде мұнда 11 ұлттық өкіл бар. Қиын-қыстау кезде осы жерден дәм бұйырған түрік, корей, орыс, әзербайжан ағайындардың ұпақтары туған жерді түлетуге үлес қосуда.

Күні кеше газет тілшісі түсіністік пен ынтымағы жарасқан ауылға арнайы барып, ондағы жұртшылықтың тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Өткен жылы Жер-Ана күріш, 600 гектар жоңышқа, несібесіз қалдырмады. Биыл 250 гектар бидай, 65 гектар жылдағы ізбен 2400 гектар мақсары егеміз деген жоспар



бар. Осы күні ауылды айналдыра дренаж қазып жатырмыз. Өйткені, кей жерлерді ыза су басып кетіп, халыққа зиянын тигізген. Біздікі елге сеп болса деген әрекет. Наурызбай каналын тазартып, кеңейттік. Кіші бизнеспен айналысқысы келетін азаматтарға біз де өз тарапымыздан көмек берудеміз. Биыл карттарға демалыс орнын дайындап жатырмыз. Онда ауылдың көнекөздері бос уақытын тиімді өткізіп, тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат ойнайды. Мектеп оқушыларының білімін көтеруге де кең ауқымды жоспар бар. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында ауылдан

спорт кешенін салу ойда жүр. Ал биыл шаруашылық есебінен шағын футбол ойынының жазғы алаң, мейрамхана, монша саламыз, – дейді «Достық – Жер МК» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев.

Шаруашылық мұнымен қатар ауыл тұрғындары үшін әдепкі 100 жоңышқа престі 100 теңгеден, кейінгісін 250 теңгеден сатады. Қазір де төменін 550 теңгеден әрең табатын шөптің мұндай бағасы халықтың қалтасына қолайлы болып тұр. Ал қамыс престі мұндағылар 60 теңгеден сатып алады. Бұл базар бағасынан бес еседей төмен.

2-бет.



# МӘМС: ақпараттандыру жалғасуы керек



Облыс әкімдігінің ахуалдық орталығында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамовтың төрағалығымен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізуге дайындықты қамтамасыз ету үшін жедел өзара іс-қимыл жөніндегі өңірлік штабтың кезекті отырысы өтті. Оған «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ басқарма төрағасының орынбасары Эрик Байжүнісов, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры Лияс Бәкіров, «Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі» университетінің проректоры Құралбай Құрақбаев, тиісті мекеме басшылары, селекторлық режимде аудан әкімдері қатысты.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Мәліметтерге сүйенсек, бүгінде қазақстандықтардың 90 проценті МӘМС жүйесіне қатысады. Оның ішінде 11 млн адам әлеуметтік тұрғыдан аз қорғалған 15 санатқа жағдай, яғни, олар үшін жарнаны мемлекет төлейді. Облыста 802,3 мың тұрғын болса, оның 471 мыңы, яғни 58,8 проценті жеңілдік қарастырылған азаматтар қатарында. 21520 азамат өзектендірілген. 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап 31 қаңтар аралығында қызылордалықтар қорға 7,6 млрд теңге аударған. Ал республика бойынша 251,2 млрд теңге көлемінде қаражат түскен.

Қор филиалы осы жылы бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсететін 21 медициналық мекемемен келісім-шартқа отырған. Осы орайда Эрик Әбеновты қорға түскен қаржы тұрғындардың денсаулығын сақтауда емдеу ұйымдарына беріліп, сапалы медициналық көмек алуға жұмсалатынын айтты.

Негізінен «әлеуметтік медициналық сақтандыру» деп аты айтып тұрғандай, ең бірінші кезекте әлеуметтік жағдайға баса назар аударылады. Емдеу ұйымдары арасында бәсекелестік орта қалыптасып, әрбір тұрғын қолжетімді медициналық көмекке жүгіне алады және медицина қызметкерлерінің еңбекақысының өсуіне жағдай туады. Осы кезеңде азаматтар өздерінің сақтандыру мәртебесін анықтап, жүйеге тіркелуі керек. Жеңілдік кезеңі аяқталған соң сақтандырылмаған пациенттер тек медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында ғана көмек алады, қалған қызметтер ақылы болады. Сондықтан наурызға дейін сақтанушы мәртебесін алу маңызды. Бұл орайда ақпараттық жұмыстарды жалғастыра беру керек, – деді Э.Байжүнісов.

Ал ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры Лияс Бәкіров емдеу ұйымдарының жұмысымен танысу мақсатында бірнеше ауруханада болғанын жеткізді.

– Біздің қазіргі мақсатымыз – әрбір емдеу ұйымының жұмысымен танысып, қажеттіліктерін анықтау. Қосымша ұсыныстарды қарап, медициналық құжаттамаларға электронды толықтырулар жасауды басшылыққа аламыз. Осы уақытқа дейін Қызылорда облысының солтүстік 3 ауданында болып, тиісті жұмыстардың жүргізілуін көрдік, – деді ол.

Мамандардың айтуынша, биыл облыстық денсаулық сақтау саласына 57 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, медициналық көмек көлемі 25 процентке артып отыр. Соның ішінде, кеңес беру-диагностикалық қызметтер көлемі 6 есеге, стационарды алмастырушы көмек 85 процентке, қалпына келтіру және оңалту 13 есеге, паллиативті көмек пен мейірімге күтімі 2,6, онкогематология 2,4 есеге артады.

Жынында облыс бойынша МӘМС жүйесін енгізу барысы туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық

Абдусаметов баяндады. Оның айтуынша, жүйені енгізу барысында облыста соңғы үш жылда ауқымды жұмыстар атқарылған. Атап айтқанда, емдеу алдын алу ұйымдарын компьютерлік техникалармен қамтамасыз ету 100 процентке жеткізілсе, интернет желісіне қосылған медициналық ұйымдар үлесі 85,7 процентті құрауда. Аудан деңгейінен төмен орналасқан 43 медициналық мекемені интернет желісіне қосу биылғы бірінші тоқсанға жоспарлануда. Сонымен бірге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызмет ұсынушы 72 ұйым толығымен медициналық ақпараттық жүйемен қамтылған. Оның 43-і – жеке. Тұрғындардың сақтандыру пакетіндегі медициналық қызметтің қолжетімділігін сол мезетте қамтамасыз етуде төлем терминалын орнату маңызды. Қазіргі кезде аймақтағы 21 бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету ұйымына «қасір» және «касса 24» терминалдары қойылған.

– Биыл салаға қосымша 10 млрд теңге көлемінде қаржы келді. Стационарлық және бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарының әлеуеті тұрғындар сұранысын қамтамасыз етуге қауқарлы. Көмек көлемі негізінен оңалту және қымбат бағалы зерттеулерден ұлғайып отыр. Осыған байланысты оңалту төсек орындары 325-тен 660-қа дейін көбейтілді. Ал аймақтағы 7 КТ мен 4 МРТ ээрге қажеттілікті қамтамасыз етуде. Алдағы уақытта Арал, Жаңақорған аудандары мен Байқоңыр қаласына КТ аппараттарын, облыстық көпбейлі ауруханасына, диагностикалық орталығына МРТ аппаратын қою жоспарлануда, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Сондай-ақ, жыныда азаматтарды өзектендіру туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Мейрамбек Әбдікәрімовтің, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовтің және басқа да тиісті сала мамандарының баяндамалары тыңдалды.

Арнайы жұмыс сапарымен өңірге келген сала басшылары жүйені енгізу барысында аймақта ауқымды жұмыстардың жасалғанын айтып, тұрғындар арасында ақпараттандыру жұмыстарын әлі де жалғастыру керектігін жеткізді. Сонымен бірге алыс ауылдарды, елді мекендерді интернет жүйесімен қамтуда тиімді жұмыстарды қолға алудың маңыздылығын және дәрігерлермен қамтуда бар мүмкіндікті қарастыруға шақырды. Жыныды қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов көтерілген мәселелерге, әсіресе тұрғындар арасында ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жалғастыруға байланысты тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

# ДОСТЫҚТЫҢ ТУЫН ЖЫҚПАҒАН

ЫСТЫҚ НАН

Ауыл тұрғыны Алладин Гейдаровтың үйіне қай кезде барсаңыз да, буы бұрқырап пештен жана шыққан ыстық наннан дәм татасыз. Ол – 1944 жылы елге келген түрік ағайындардың ұрпағы. Бүгінде шаңырағы шаттыққа толып, отбасында бақ пен берекенің бесігін тербетіп отыр. Отанасы Кабира Гейдарованы мұндағы жұрт жақсы біледі. 1997 жылдан бері наубайхана ісін жүргізіп, кәсіп қылған.

– Өзім қысқартуға ұшырадым. Жолдасым шаруашылықта жұмыс істеді. Үш баламыз бар. Ол уақытта шаруашылықта да жалақы болмады. Содан нан жаба бастадым, – дейді К.Гейдарова.

Аулаға үлкен пеш салдырып, бір уақытта 7-8 тіпті 10 шақты таба нан салды. Осылайша ауыл халқы Кабира апаның қолынан нан жеді. Былтыр жазда кәсіпкерлікке деген мемлекет қолдауын тиімді пайдаланып, жеңілдетілген несиені алды. Бүгінде отбасылық бизнесті келіні Луиза Тұрсынова жүргізіп келеді.

Осылайша ет және сүт бағытындағы ірі қара асырауды қолға алған.

– Әдепкіде қолға тиген қаржыға 10 бас сиыр алып келдік. Олдан бері біртіндеп, көбейтіп жатырмыз. Етті келіп алып кететіндер бар, ауылда жілікке алатындар бар, әйтеуір, өткіземіз. Бірақ кейде алушы болмай қалса, бағаны жерге ұратындар да табылады. Бала-шағаның несібесі, маңдай тер еңбегі дегенді қайда қоясың, – дейді К.Гейдаров.

Жем-шөп мәселесі қиындау. Егер малмен айналысқын келсе, осы екеуінің біреуін өзін өндіруің керек. Жем шығару үшін зауыт, шөп шығу үшін жер керек. Оның бәрі қайдан болсын. Өйткенмен, мемлекет берген мүмкіндікті пайдаланып, отбасының нәпақасын тауып отыр.

– Осындағы әкімдіктегі жігіттерге рақмет. Өздері алғандай боп қуанып, қасында жүріп, жолын көрсетті. Мал шаруашылығы да оңай емес қой. Күтім керек. Қазір мына өгізшелердің ішінде герринфорд, ангус, сементал, ауликөл, казактың ақ бас сиыр тұқымдары бар. Олардың әрқайсысы

## ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### «Green Card» ережелері қатандатылды

АҚШ билігі 24 ақпаннан бастап елде тұрақты тұруға рұқсат ететін грин карталарды беру ережелерін қатандатпақ. Бұл ең алдымен мемлекеттік жәрдемақыға дәмелі шетелдіктерге қатысты.

Енді сауалды қарастыру кезінде олардың қаржылық тәуелсіздігіне ерекше мән беріледі. Табысынан бөлек шетелдіктің денсаулық жағдайы мен білімі де ескеріледі. Сөйтіп, билік әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне түсірілетін жүктемені азайтпақ. Негізгі жаңа ережелер өткен жылы күшіне енуі тиіс еді. Алайда, федералдық сот былтыр күзде оларға тыйым салған.

«Green Card» деп аталып кеткен лоторея бағдарламасы көбіне австриялықтардың АҚШ-қа жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Жыл сайын АҚШ-қа иммиграция деңгейі төмен мемлекет азаматтарына 55 мың виза беріледі. Карта алуға үміткерлер сотталмаған, орта мектепті бітірген, сұраныс жоғары салада жұмыс істеген адам болуы керек. Компьютер лоторея жеңімпаздарын кездейсоқ әдіспен анықтайды. Бір айта кетерлігі, жыл сайын бағдарламаға 14 млн адам өтініш береді. АҚШ-та оқуға, тұруға немесе жұмыс істеуге мүмкіндік беретін виза алған адам өзімен бірге отбасын да ертуге мүмкіндік алады.

### Климат өзгеруінің бір себебі

Климатты құтқару үшін ұшақтан бас тарту керек пе? Мамандар осы сұраққа жауап берді. Демалысты шет елде өткізетін немесе басқа мемлекеттерге жұмыс бабымен жиі баратын адамдар ұшақсыз өмірін елестете алмайды.

Дегенмен, олар ұшақтардың көміртек көлемін көбейтетінін білмеуі де мүмкін. Ал бұл олқылықты қалай жоюға болады? «Жаһандық CO<sub>2</sub> қалдығының 2,4%-і авиация саласына тиесілі. Ал жалпы ұшақ өндірісі мен басқа газдарды есептегенде бұл жаһандық жылындың 5 процентіне жетеді. Бір қарағанда, бұл өте көп емес сияқты», деп жазады ғалымдар. Олардың айтуынша, әлем халқының 3 проценті жиі ұшады, яғни, ұшақтар шығаратын зиянды қалдық жылдан жылға артып барады. 2013 жылдан бері қарай ұшақтардан шыққан зиянды қалдық 32 процентке көбейген. Ал 20 жылдың ішінде әуе қатынасының жолаушылары екі есе артады деген болжамды ескерсек, бұл тағы да көбейе түседі.

### Аралар шабуылы

Калифорнияда 40 мыңға жуық ара адамдарды шақты. Аралар омартағы Пасаден қонақүйінің науасында болған. Сондықтан ғимарат орналасқан қоше қоршауға алынды.

Ал ара шаққандардың біразы ауруханаға жеткізілді. Олардың арасында жедел қызмет көрсету қызметінің өкіділері – өрт сөндірушілер мен полиция қызметкерлері де бар.

Полиция мен өрт сөндірушілер аралар шабуылына алдымен түтін, кейін көбік шашып төтеп бермек болған. Бұл аралар 1950 жылдары Оңтүстік Америкада африкалық және еуропалық түрлердің буданда-суынан шыққан. Бір кателіктің кесірінен зертханадан босап кетіп, жабайы табиғатта жергілікті түрлермен бірге көбейіп, орнығып алған. Өз ұяларын қорғағанда оңдырмай шағатыны үшін «қанішер ара» деген ат иеленген.

### Татуировкаға тыйым

Мамандар татуировкаға тыйым салу керектігін айтты. Ресейлік маман Геннадий Онниченко татуировкалардың адам денсаулығына зияны туралы мәлімдеме жасады.

Ол тері астына енгізілген заттар терінің құрылымын бұзып қана қоймай, сонымен қатар өлім жағдайларына дейін жеткізетін асқынуды тудыруы мүмкін екенін еске салды.

«Денеге енетін кез келген бөгде зат іріңді асқынудардан бастап онкологиялық ауруларға дейін жеткізуі мүмкін», – деді ол жергілікті радиого берген сұхбатында. Өз сөзінде денеге сурет салудың айналамызда болып жатқан рухани зияткерлік дағдыларының айқын көрінісі екендігін айттып өтті. «Жалпы татуировкалардың барлығына тыйым салу керек», – деді ол. Мұның алдында клиникалық психолог Михаил Хор татуировкалардың жастардың психологиялық денсаулығына қауіпті екенін айтқан болатын.

## БРИФИНГ

# ҚҰЖАТТАРДЫ ӨНДЕУ УАҚЫТЫ ҚЫСҚАРДЫ

Облыстық қазынашылық департаменті өткен жылы 649 мемлекеттік мекемеге қызмет көрсетті. Оның 58-і республикалық бюджеттен және 491-і жергілікті бюджеттен, 73-і жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінен қаржыландырылатын мекеме болса, қалған 19-ы – квазимемлекеттік сектор субъектілері.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Бұл мекемелер бойынша департамент республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару, қолма-қол ақшаны басқару, алдын ала және ағымдағы бақылау, мемлекеттік-кежешелік әріптестіктің келісім-шарттарын тіркеу, құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау және бюджеттің IV деңгейін енгізу, сондай-ақ Қаржы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын орындау бойынша жұмыстар атқарды. Атап кетерлік жайт, 2018 жылмен салыстырғанда мемлекеттік ме-

кемелер саны 59-ға көбейген немесе 9,9%-ті құрап отыр.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті брифингте облыс бойынша қазынашылық департаментінің басшысы Өуезбек Дүйсенбаев осындай мәліметтер келтірді. Оның айтуынша, есепті кезеңде «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесінде мемлекеттік мекемелердің бюджеттік қаржыларының мақсатты жұмсалуды қалағалап, олардың атқарылуы жөніндегі операцияларын жүргізу барысында қазынашылық департаменті арқылы



барлығы 583987 қаржылық құжат қабылданып, оның 575948-і өңделген. Ал 8039 құжат ресми хат арқылы орындаусыз кері қайтарылған, ол қабылданған құжаттардың 1,3%-ін құрайды. Бұл республикадағы үздік көрсеткіш саналады.

Департамент басшысы құжаттардың орындаусыз кері қайтарылуының негізгі себептерін атады. Оған анықтамалардың бірыңғай бюджеттік сыныптамаға, жиынтық анықтамаға сәйкес келмеуі, төлем мазмұнындағы қате, қаржыландыру жоспарларында қаржының жетпеуі, төлем тағайындау кодындағы және шығыс ерекшелігі кеткен қателіктер мен растаушы құжаттардың дұрыс рәсімделмеуі және тағы басқа кемшіліктер жатады.

2020 жылдың қаңтары мен қыркүйек айы аралығында облыста орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу пилоттық жобасы іске асырылуда. Ә.Дүйсенбаев соған сәйкес, де-

партамент пилоттық жоба шеңберінде бірыңғай ұйымдастырушының аумақтық бөлімшесі ретінде пилоттық жобасының орталық мемлекеттік органдар қатысушыларының аумақтық бөлімшелері үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырумен айналысып жатқанын жеткізді.

Брифингке қатысушылар стратегиялық жоспарға сәйкес, қаржылық құжаттарды өңдеу уақыты жыл сайын қысқарып келе жатқанына хабарлар болды. Егер 2017 жылға дейін төлемге берілген шотты өңдеуге 8 жұмыс сағаты кетсе, 2017 жылы 7 сағат, 2018 жылдан бастап 6 сағатқа дейін қысқарған. Департамент басшысы ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, оның алдын алу, күнделікті бақылауда ұстау және қалдырды басқару жұмыстарын оңтайландыру, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар ұдайы жүргізілетінін мәлімдеді.

### МАЛ ҰСТАҒАН ЖАҚСЫ. БІРАҚ...

Ауыл тұрғыны Кәрімжан Гейдаров осыдан екі жылдай бұрын мемлекеттің жеңілдігімен 3 млн теңге несиені алды. Ауылдық жер болған соң таңсық емес шаруаның көзі – мал шаруашылығы. 1-бет.

Қармақшы ауданы.



